

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№245

2018 жылғы 22 ақпан

**Ақтөбе облысының ішкі істер
органдарының жергілікті полиция
қызметі басшысының 2017 жылға
есебі және оның қызметін бағалау**

Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшысы Қ.С.Жақсығалиевтің 2017 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдап және талқылай келе, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамның» 30 қадамында қарастырылған, Елбасының тапсырмаларын іске асыру бойынша есепті кезеңде белгілі бір нәтижелер бар екендігін Ақтөбе облыстық мәслихаты атап өтеді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 6-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199 Заңының 9-1-бабының 6-тармағына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшысы Қ.С.Жақсығалиевтің 2017 жылғы есебі назарға алынсын. Жергілікті полиция қызметінің есепті кезеңдегі жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметіне ұсынылсын (Қ.С.Жақсығалиев):

1) қылмыс пен құқық бұзушылыққа итермелейтін жағдайлар мен себептерді анықтау, зерделеу және жоюға бағытталған кешенді шараларды мақсатты жүзеге асыру;

2) Ақтөбе қаласы және аудан әкімдерін анықталған құқық бұзушылық фактілері туралы, оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау үшін уақытылы хабарлау, сонымен қатар оларды жою бойынша нақты шаралар қабылдау;

3) қоғамдық тәртіпті сақтау және ауылдық елді мекендер аумағында қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында учаскелік полиция инспекторларының Ақтөбе қаласы және аудан әкімдерімен, Қоғамдық кеңестермен, білім, денсаулық сақтау мекемелерімен және басқа да ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету;

4) бас бостандығынан айыру орнынан босатылған тұлғалардың, пробация қызметінде есепте тұрған тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша бақылауды күшейту;

5) мас күйінде, отбасылық-тұрмыстық қатынастар жағдайда бұрын сотталған тұлғалардың қылмыс жасау деңгейінің өсуін болдырмау, құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға бейім тұлғаларды анықтау және есепке қою, тиісті жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізу;

б) жол-көлік оқиғасын азайту мақсатында патруль санын және қала сыртындағы жолдарда автопатруль санын, әсіресе қыс мезгілінде күшейту.

3. Ақтөбе қаласы және аудан әкімдеріне ұсынылсын:

1) учаскелік полиция инспекторларына қызметтік орындар бөлу бойынша шара қабылдау және қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскелерінде тұрғын үй мәселесінің шешілуіне жағдай жасау;

2) қоғамдық жерлерде видеобақылау жүйесін орнатуға бюджеттік қаражатты мақсатты бөлу;

3) кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар жұмысын жандандыру;

4) жайылым кезінде малды қарауды, оны тіркеуді ұйымдастыруды, сырғалау және таңба басуды қамтамасыз ету бойынша шара қабылдау.

4. Кәсіпкерлік басқармасының басшысы (А.Н.Даржанова) Ақтөбе қаласының және аудан әкімдерімен және Ақтөбе облысының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (Н.Б.Мұқанов) бірге ұсынылсын:

1) құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында ойын-сауық орындары мен букмекерлік конторларда қауіпсіздік жүйелерін орнату бойынша шара қабылдау және меншік иелерімен жұмыс регламентін пысықтау;

2) сауда нүктелерінің басшыларымен кәмелетке толмағандарға алкогольдік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сату бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау жөнінде үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

5. Ақтөбе облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы (Қ.О.Отаров) Ақтөбе қаласы және аудан әкімдерімен бірге келесідей шара қабылдасын:

1) түзету мекемелерінен босатылған және жазасы бас бостандығынан айырумен байланысты емес сотталған тұлғаларға жұмыс орнына квотаны ұлғайту;

2) неғұрлым әлеуметтік осал санаттағы сотталғандарға қатысты әлеуметтік қолдау көрсету және бас бостандығынан айрылу орындарынан босатылған тұлғаларды жұмыспен қамту жөнінде жұмысты жандандыру.

6. Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы (Н.М.Жүсіпов) Ақтөбе қаласы және аудан әкімдерімен бірге:

1) жасөспірімдер және жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тұрғын үй аулаларында спорттық алаңдар (хоккей алаңы), жаттығу воркауттарын орнату мүмкіндіктерін қарау;

2) білім басқармасымен (Л.А.Уразбаева) бірге балалар мен жасөспірімдерді жаппай спорттық секциялар мен үйірмелерге (әсіресе демалыс кезеңдерінде) тарту бойынша шара қабылдау;

7. Білім басқармасының басшысы (Л.А.Уразбаева):

1) қолайсыз отбасыларды, өмірлік қиын жағдайға тап болған, құқық бұзушылыққа бейім және девиантты мінез-құлықты балаларды уақытылы анықтауға қатысты үнемі жұмыс жүргізу;

2) демалыс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында балалар мен жасөспірімдердің, соның ішінде «тәуекел» топтағы балалардың бос уақыттарын ұйымдастыру;

3) білім ұйымдарының Қамқоршылық кеңестер мүшелерін тәрбиелеуге қатысты жүргізілетін рейдтік іс-шараларға және т.б. жұмыстарға кеңінен тарту.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. АЙТБАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА